



Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің
2020 жылғы «21» желтоқсан
№ 341 қаулысымен бекітілді

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІНІҢ
СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РММ

2021 ж. "11" қаңтар

ЗАҢДЫ ТҰЛҒАНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ҚАЙТА ТІРКЕУІ ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 910140000111

1991 ж. "17" қаңтар

**«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Петропавл қаласының білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Бірінші қалалық жалпы білім беретін ІТ-лицей»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің**

ЖАРҒЫСЫ

Петропавл қ., 2020 жыл.

1- тарау. Жалпы ережелер

1. «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Бірінші қалалық жалпы білім беретін ІТ-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – коммуналдық мемлекеттік мекеме) білім беру қызметтерін жүзеге асыру үшін ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған заңды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Коммуналдық мемлекеттік мекеме Петропавл қалалық халық депутаттары кеңесі Атқару комитетінің 1991 жылғы 17 қаңтардағы № 66 шешімі негізінде құрылды.

4. Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің аппараты, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 58 мекен-жайы бойынша БСН 950540000460, коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы болып табылады.

5. Коммуналдық мемлекеттік мекемені мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ оған қатысты коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкіне қатысты құқық субъектісінің функцияларын жүзеге асыратын орган «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып табылады.

6. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мемлекеттік тілдегі атауы: «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Бірінші қалалық жалпы білім беретін ІТ-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

На русском языке: коммунальное государственное учреждение «Первый городской общеобразовательный ІТ-лицей» коммунального государственного учреждения «Отдел образования города Петропавловска» коммунального государственного учреждения «Управление образования акимата Северо-Казахстанской области».

7. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің орналасқан жері:

Қазақстан Республикасы

150010 Солтүстік Қазақстан облысы

Петропавл қаласы, Абай көшесі, 100

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Петропавл қаласының білім бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі «Бірінші қалалық жалпы білім беретін ІТ-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

2-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің заңды мәртебесі

8. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оның мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және мемлекеттік мекеменің атауы жазылған мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарына көзделген жағдайларды қоспағанда, коммуналдық мемлекеттік мекеме басқа заңды тұлға құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Коммуналдық мемлекеттік мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшаларға жауап береді. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша субсидиарлық тиісті бюджет қаражатымен әкімшілік-аумақтық бірлік жауапкершілік атқарады.

12. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері оларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті тіркегеннен кейін күшіне енеді.

3-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің мақсаттары, міндеттері мен мәні

13. Тұлғаның жеке мүмкіндіктеріне сәйкес барынша мүмкін және сапалы деңгейде жалпы орта білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі болып табылады.

Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің негізгі түрі білім беру қызметтері болып табылады.

14. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мынадай негізгі міндеттердің орындалуын жүзеге асырады:

1) тұлғаның құзыреттілігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған білім беру бағдарламалары арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жағдай жасау;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес қарастырылған білім алушылардың базистік ғылым негіздерін алуын қамтамасыз ету;

3) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

4) азаматтық пен патриотизмге, өз Отаны-Қазақстан Республикасын сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздер мен мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, Конституцияға қайшы және қоғамға жат көріністерге төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке адамды тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттігін, жеке адамның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

6) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқы мен Қазақстан Республикасының басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу;

7) IT бағытында оқушыларды дайындау үшін жағдай жасау.

15. Аталған мақсатқа жету үшін коммуналдық мемлекеттік мекеме мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

- мемлекеттік стандарттарға жауап беретін мерзімдерде және деңгейде оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқытуды;

- оқу, әдістемелік, консультациялық және ғылыми материалдарды әзірлеуді және шығаруды (оқу жоспарлары, құралдар, конспектілер, бағдарламалар, дәрістер және т.б.);

- конференция, семинар, көрмелерді ұйымдастыруды және өткізуді;

- алғашқы (дәрігерлікке дейінгі) медициналық-санитарлық көмек көрсетуді.

Коммуналдық мемлекеттік мекемеге жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

16. Коммуналдық мемлекеттік мекеме қызмет мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының белгілі шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында, не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының) немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не прокурордың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Басшының коммуналдық мемлекеттік мекемемен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеліп соғады.

3.1. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

18. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің өз қызметінде мынадай білім беру бағдарламаларын іске асыруға құқығы бар:

- жалпы мектепке дейінгі және мектепалды даярлық бағдарламаларын;

- бастауыш, негізгі жалпы, жалпы орта білім беру бағдарламаларын;
- жеке пәндерді тереңдетіп оқытудың қосымша бағдарламаларын;
- IT бағытындағы курстардың қосымша бағдарламалары;
- жеделдете оқыту бағдарламаларын.

19. Жаңа жалпы білім беретін және негізгі кәсіптік бағдарламалар тиісті мемлекеттік жалпы білім беру стандарттары негізінде әзірленеді.

Қосымша білім беру бағдарламалары тиісті мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарынан тыс оқушылардың жалпы білім және мәдени қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында іске асырылады.

20. Оқытудың жаңа технологияларын мақұлдау, білім берудің жаңа мазмұнын енгізу мақсатында лицейдің эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын іске асыру құқығы бар.

21. Жеделдете оқыту бағдарламалары оқушылардың интеллектуалдық қабілеттеріне сәйкес жекелендірілген.

3.2. Оқушыларды қабылдау және шығару тәртібі

22. Коммуналдық мемлекеттік мекемеге қабылдау ата-аналар немесе оларды ауыстыратын тұлғалардың өтініші бойынша жүзеге асырылады.

23. Оқушыларды есепке қабылдау тұрғылықты орнына қарамастан конкурс негізінде жүргізіледі.

24. Оқушыларды параллельде топтан топқа, сыныптан сыныпқа ауыстыру бос орын болуында мүмкін.

25. Оқушыларды құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін коммуналдық мемлекеттік мекемеден шығару ерекше жағдайларда мемлекеттік басқару органының шешімімен жол беріледі. Осындай шешімге негіз болып табылады:

- коммуналдық мемлекеттік мекеменің Жарғысын дөрекі және бірнеше рет бұзу;
- тұлғаның физикалық, моральдық, рухани қол сұқпаушылық қағидаларын елемеуі;
- мемлекеттік мекеменің ар-намысын кемсітуі;
- коммуналдық мемлекеттік мекемеде шылым шегу, спирттік ішімдіктер мен есірткі заттарды қабылдау.

26. Жартыжылдық немесе оқу жылы қорытындысы бойынша параллельде үлгерімі ең төмен немесе дәлелді себепсіз оқу сабақтарын (5 және одан көп күн) босатқан он алты жасқа толған оқушы коммуналдық мемлекеттік мекемеден педагогикалық кеңестің шешімімен шығарылады.

27. Коммуналдық мемлекеттік мекемені бітірушілердің көшу емтихандары мен қорытынды аттестаттауы «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік мекемеде

білім алушылардың оқу үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауын ағымдағы бақылаудың типтік Ережесіне» сәйкес жүзеге асырылады.

28. Негізгі орта және жалпы орта мектеп бітірушілеріне қорытынды мемлекеттік аттестаттаудың нәтижелері бойынша білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік үлгідегі білім туралы құжаттар беріледі.

3.3. Білім беру үдерісін ұйымдастыру тәртібі

29. Оқу-тәрбие үдерісі мемлекеттік тілде және орыс тілінде жүзеге асырылады. Мекеме қазақ және орыс тілдерінің білуін және дамуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес шет тілдерін үйретуді жүзеге асырады.

30. Тұлғаның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері, білім алу, оқытудың қолжетімділігіне жағдай жасалуы ескеріліп, білім алу оқу бағдарламаларының мазмұнына байланысты күндізгі нысанда және дамуында мүмкіндіктері шектелген балалар үшін қашықтық нысанында оқыту жүзеге асырылады.

31. Пәндерді тереңдетіп оқыту оқытудың тәсіл-амалдары мен әдістерінің түрлеріне, оқушылардың өзіндік танымдық қызметін дамытуға негізделген.

32. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің сыныптарындағы оқушылардың саны 25-тен аспайды. Оқытудың негізгі түрі – сабақ болып табылады. Қолданыстағы нормативтерге сәйкес бейінді және арнайы пәндер бойынша сабақ және зертханалық сабақтар, шетел, орыс және қазақ тілдерін үйренуде, дене шынықтыру, информатика сабақтарын өткізуде сынып екі топқа бөлінеді.

33. Оқушылармен тәрбие жұмысын және сыныптан тыс қызметін ұйымдастыру коммуналдық мемлекеттік мекемеде сынып жетекшілері (тәрбиеші-кураторлар) жүзеге асырады.

34. Білім алушылардың сабақ тәртібі Қазақстан Республикасының Заңнамасымен белгіленеді және регламенттеледі. Лицейлік компонентті іске асыру үшін алты күндік оқу аптасын ұйымдастыруға рұқсат етіледі. Оқытудың екі ауысымдық тәртібін ұйымдастыруға рұқсат етіледі. Сабақтардың ұзақтығы 40 минуттан аспауға тиіс.

35. Әр сынып бойынша апталық оқу жүктемесі оқу жоспарының шекті нормаларымен белгіленеді, Қамқоршылық кеңеспен келісіледі.

36. Оқу жылының ұзақтығы, оның басталуы мен аяқталуы уәкілетті органмен белгіленеді. Бірінші сынып және мектепалды даярлық сынып оқушылары үшін жыл ағымында қосымша демалыс беріледі. Демалыстың нақты мерзімі білім беру саласының уәкілетті органымен белгіленеді.

37. Оқу жылы аяқталған соң мекеме педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша 5-9, 10-сынып оқушылары жазғы еңбек практикасынан өтеді. Практикның сағат саны педагогикалық кеңес шешімімен бекітіледі.

38. Педагогикалық кеңес коммуналдық мемлекеттік мекеменің жоғары алқалы басқару органы болып табылады, оның қызметіне:

- оқу-тәрбие жұмысының жоспарларын бекіту және олар орындалуын бақылау;
- жаңа бағдарламалар мен әдістерді әзірлеу және бекіту;
- әдістемелік комиссиялар, психологиялық қызметті жалпы басқару;
- педагогикалық кеңестің отырыстары жартыжылдықта бір реттен кем емес өткізу кіреді.

39. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқыту сатысы бойынша ұйымдастырылған: мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі, жоғары.

40. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде оқыту мемлекеттік білім беру стандартын орта мектеп көлемі мен жалпы орта білім беру көлемінде оқыту бейініне байланысты терең біліммен қамтамасыз етеді.

41. Оқу жоспарлары мен бағдарламалары коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұжымымен әзірленеді. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің барлық құжаттарын басып шығару және тарату құқығы тек коммуналдық мемлекеттік мекемеге тиесілі.

3.4. Білімді ағымдағы бақылау, білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі

42. Білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеруін бақылау мақсатында білім ұйымы білім алушылардың ағымдағы үлгерімінің бақылауын және аралық аттестатталуын жүзеге асырады.

Білім ұйымдары білім алушылардың ағымдағы үлгерімін бақылауды және білім алушыларды аралық аттестаттауды өткізу түрін, тәртібі мен жиілігін таңдауда дербес.

43. Негізгі және жалпы орта білім берудің оқу бағдарламаларын меңгеру білім алушылардың міндетті қорытынды аттестатталуымен аяқталады.

3.5. Қызметкерлердің, оқушылардың және ата-аналардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі

44. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылары құқылы:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім алуға;
- 2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары аясында білім ұйымы кеңесінің шешімімен жеке оқыту жоспарлары, қысқартылған білім бағдарламалары бойынша оқуға;
- 3) оқу жоспарына сәйкес альтернативті курсты таңдауға;
- 4) өз қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сәйкес ақылы негізде қосымша білім беру қызметтерін алуға;
- 5) білім беру ұйымын басқаруға қатысу;
- 6) бір оқу орнынан басқасына, бір білім алу нысанынан басқасына қайта келуге және ауысуға;
- 7) білім ұйымдарында ақпараттық ресурстармен тегін пайдалану, сонымен қатар қолжетімді түрде мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқулықтармен қамтамасыз ету, сонымен қатар мүгедектер, мүмкіндігі шектеулі балалар үшін дайындалған оқу-әдістемелік кешендер мен оқу-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз ету;
- 8) оқу, мәжіліс залдарымен, компьютер сыныптары мен кітапханамен тегін пайдалануға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тұрғындардың жұмысбастылығы саласындағы ереже туралы ақпаратты алу;
- 10) өз ой-пікірі мен көзқарасын еркін білдіру;
- 11) өзінің абыройын құрметтеу;
- 12) оқудағы, ғылым мен шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермеленуге және марапатталуға;

45. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің білім алушылары:

- 1) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес білімді, іскерлікті, практикалық дағдыларды меңгеруге;
- 2) ішкі тәртіп ережелерін, білім ұйымының жарғысымен көзделген басқа да талаптарды сақтауға;
- 3) педагогикалық қызметкерлердің, басқа білім алушылардың арнамысын, абыройын, өздері оқитын оқу орнының дәстүрлерін сыйлауға;
- 4) білім ұйымында белгіленген киім үлгісін сақтауға міндетті.

46. Кәмелетке толмағандардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері құқылы:

- 1) баланың тілегі, жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін есепке алумен білім ұйымын таңдауға;
- 2) ата-аналар комитеттері және Қамқоршылық кеңесі арқылы білім беру ұйымдарын басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 3) білім беру ұйымынан өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайларына қатысты толық ақпарат алуға;

4) психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларда өз балаларын оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша консультативтік көмек алуға;

5) шарт негізінде олардың балалары қосымша қызмет көрсетулерді алуға.

47. Ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер міндетті:

- 1) балалардың өмірі мен оқуына салауатты және қауіпсіз жағдай жасау, олардың интеллектуалдық және дене күшінің, рухани-адамгершілік қалыптасуын дамытуды қамтамасыз етуге;
- 2) білім ұйымының жарғысымен белгіленген ережелерді орындауға;
- 3) балаларының оқу сабақтарына қатысуын қамтамасыз етуге;
- 4) балаларының үлгерімі және өзін-өзі ұстауын бақылауды жүзеге асыру;
- 5) білім беру ұйымы қызметкерлерінің, басқа білім алушылар және олардың ата-аналарының ар-намысын құрметтеуге;
- 6) білім беру ұйымында белгіленген киім үлгісін сақтауға;
- 7) мектептің ата-аналар жиналысына қатысу.

48. Педагогикалық қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері осы жарғы және мекеменің ішкі еңбек тәртіп ережелерімен белгіленеді.

49. Педагогикалық қызметкер құқылы:

- 1) кәсіби қызметке жағдай жасаумен педагогикалық қызметпен айналысуға;
- 2) ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік жұмыспен айналысуға, педагогикалық тәжірибеге жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;
- 3) жеке педагогикалық қызметке;
- 4) тиісті білім берудің деңгейіндегі сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт талаптарын сақтау жағдайында педагогикалық қызметті ұйымдастырудың әдістері мен нысандарын еркін таңдауға;
- 5) білім ұйымының алқалы басқару органдарының жұмысына қатысуға;
- 6) ұзақтығы төрт айдан аспайтын бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;
- 7) санатын арттыру мақсатында мерзімінен бұрын аттестатталуға;
- 8) педагогикалық қызметтегі табыстары үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйлықтар мен атаулы стипендиялар түріндегі, сыйақы түрінде моральды және материалдық көтермелеуге;
- 9) өзінің кәсіптік ар-намысы мен қадір қасиетінің қорғалуына;
- 10) әскери қызметке шақырылу мерзімін кейінге қалдырылуына;
- 11) ғылыми қызметпен айналысу үшін педагогикалық өтілі сақтала отырып, шығармашылық демалыс алуға;

- 12) білім беру ұйымы әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;
- 13) оқушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары мен өзге заң өкілдерінің тарапынан ар-намысы мен абыройын құрметтеуге.

50. Педагогикалық қызметкер міндетті:

- 1) өз кәсіби құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білім мен дағдыларға ие болуға;
- 2) мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес көрсетілетін білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;
- 3) патриотизм рухында білім алушыларды тәрбиелеу, оқушылардың жоғары адамгершілік, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған дүниеге ұқыпты қарауға тәрбиелеуге;
- 4) оқушылардың өмірлік дағдыларын, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;
- 5) өзінің кәсіби шеберлігін, интеллектуалдық, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;
- 6) бес жылда кемінде бір рет аттестаттаудан өтуге;
- 7) педагогикалық этика талаптарын сақтауға;
- 8) қызметкерлердің, оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналары және басқа заң өкілдерінің ар-намысы мен абыройын құрметтеуге;
- 9) білім алушылардың жасаған, сонымен қатар оқушылардың қатысы бар қылмыстық құқықбұзушылық немесе білім беру ұйымынан тыс жерде болған осындай құқықбұзушылықтар жасау фактілері туралы дереу құқық қорғау органдарын ақпараттандыруға;
- 10) өмірдің қиын жағдайына тап болған баланы анықтаған сәттен бастап бір жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылық, қараусыздықты және панасыздықты алдын алу жүйесі органдарын ақпараттандыруға.

51. Педагогикалық этика міндеттері мен нормаларын, педагогикалық қызметкердің беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарымен және еңбек шартымен белгіленген жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

52. Педагогикалық қызметкерді Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген жағдайлардан басқа өз кәсіби міндеттерін орындаумен байланыссыз жұмыс түрлеріне қатыстыруға жол берілмейді.

53. Жұмысқа сот үкімі немесе медициналық тұжырымдамамен педагогикалық қызметпен айналасуға тыйым салынған, сондай-ақ заңмен белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе кешірілмеген сотталғандығы бар тұлғалар жіберілмейді.

54. Педагогикалық қызметкерлердің білім беру үдерісін саяси үгіттеу, діни насихат жүргізу мақсатында немесе білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының

заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу пиғылымен пайдалануына тыйым салынады.

3.6. Ақылы қызметтер көрсету тізбесі және тәртібі

55. Коммуналдық мемлекеттік мекеме оқушыларға білім беру қызметтерін бюджеттік қаражат есебінен тегін көрсетеді.

56. Оқушыларға білім беру қызметтерін мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты аясында ақылы негізде көрсетуге тыйым салынады.

57. 58-бапта қарастырылған жағдайлардан басқа оқушылар мен педагогикалық қызметкерлерден ақша алуға тыйым салыналды.

58. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары талаптарынан бөлек ақылы қызмет көрсету туралы шарт жасаумен ақылы негізде мынадай қызметтер көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім бағдарламаларын іске асыруға (балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын, спорт, мәдениет және өнер саласындағы қабілеттері мен қызығушылықтарын дамыту);

2) оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша бөлінген оқу уақытынан тыс пәндер (пәндер немесе пәндер циклі) бойынша жеке білім алушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыруға;

3) білім алушылармен пәндер (пәндер немесе пәндер циклі) бойынша негізгі ғылымдарды тереңдетіп оқытуын ұйымдастыруға;

4) жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, білім ұйымында өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз етуге.

59. Ақылы қызмет көрсететін коммуналдық мемлекеттік мекеме мен оқушылардың ата-аналарының немесе басқа да заңды өкілдерінің қарым-қатынасы шартпен реттеледі.

60. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақылы негізде көрсетілетін қызметтері үшін бағалар Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте бекітілуі тиіс.

4-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекемені басқару

61. Коммуналдық мемлекеттік мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тиісті салалардың (жергілікті атқарушы органы) уәкілетті орган жүзеге асырады.

62. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тиісті салалардың (жергілікті атқарушы органы) уәкілетті орган ретпен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекемеге мүлікті бекітеді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады;
- 4) коммуналдық мемлекеттік мекеме жарғысын, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқару органдарының құрылымын, құрылуы тәртібі мен өкілеттік мерзімін, мемлекеттік мекеменің шешімдерін қабылдау тәртібін анықтайды;
- 6) коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздерін айқындайды;
- 7) коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылымын және штаттық шекті санын бекітеді;
- 8) жылдық қаржы есептілікті бекітеді;
- 9) коммуналдық мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға, коммуналдық мемлекеттік мекемеге берілген немесе өзінің шаруашылық қызметінің нәтижесінде олар сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісімін береді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

63. Коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген жағдайлардан басқа тиісті салалардың (жергілікті атқарушы органы) уәкілетті органмен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

64. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы мемлекеттік мекеме жұмысын ұйымдастырады және басқарады, тікелей уәкілетті органға бағынады (Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда) және мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуы мен олардың өз функцияларын жүзеге асыруына жеке жауапты болады.

65. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің басшысы дара басшылық принципі бойынша әрекет етеді және коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасында және коммуналдық мемлекеттік мекеменің жарғысында айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

66. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметін жүзеге асыру барысында коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен іске асырады:

- 1) коммуналдық мемлекеттік мекеме атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) коммуналдық мемлекеттік органдар, басқа да ұйымдарда коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) коммуналдық мемлекеттік мекеменің іссапарларға, тәжірибе жинауға, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқытуға және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да түрлеріне байланысты тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 8) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады, тиісті салалардың (жергілікті атқару органы) уәкілетті орган тағайындайтын қызметкерлерден басқа;
- 9) коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте көтермелеу және тәртіптік жазаға тарту шараларын қолданады;
- 10) гендерлік саясат қағидаларын сақтайды;
- 11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және коммуналдық мемлекеттік мекеменің басқа да басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттік аясын айқындайды;
- 12) оған Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы жарғымен және тиісті салалардың (жергілікті атқарушы органы) уәкілетті органымен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

67. Білім беру ұйымының басшысы жауапты:

- 1) білім беру ұйымының қызметкерлері, білім алушылар, тәрбиеленушілерінің құқығы мен еркіндігін бұзуы;
- 2) оның құзыреттілігіне жатқызылған функцияларды орындамауы;
- 3) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын бұзуы;
- 4) оқу-тәрбие үдерісі уақытында білім алушылар, тәрбиеленушілер және ұйым қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы;
- 5) қаржылық-шаруашылық қызметтің жағдайы, сонымен қатар материалдық және ақшалай қаражатты мақсатқа сай пайдаланбау;
- 6) нормативтік-құқықтық актілер мен еңбек шартымен қарастырылған өзге де талаптарды бұзу.

5-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкінің құрылу тәртібі

68. Коммуналдық мемлекеттік мекеме мүлкін бағасы оның теңгерімінде айқындалатын заңды тұлғаның активтері құрайды. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің мүлкі мыналардың:

- 1) оған меншік иесі берген мүлік;
- 2) өз қызметі барысында сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаржы көздері есебінен құрылады.

69. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің дербес иеліктен шығаруға немесе оған бекітілген мүлік пен оған смета бойынша бөлінген мүлікке өзгеше тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

70. Егер Қазақстан Республикасының заңдарымен коммуналдық мемлекеттік мекемеге кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, мұндай қызметтен алынған ақша тиісті бюджеттің есебіне жатқызылады, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес білім беру саласындағы мемлекеттік мекемелер өндіретін тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін ақшаны қоспағанда.

71. Егер қосымша қаржыландыру көзі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленбесе коммуналдық мемлекеттік мекеменің қызметі тиісті уәкілетті органдардың бюджетінен немесе жергілікті атқарушы органдар немесе Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің (шығыс сметасы) бюджетінен қаржыландырады.

72. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы қорын құрайды:

- жергілікті бюджеттен бөлінген қаржы;
- ерікті жарналар, ұйымдар, заңды және жеке тұлғалардың қайырымдылық көмегі;
- қайырымдылық қорлар мен гранттар;
- бюджеттен тыс қаражат.

73. Коммуналдық мемлекеттік мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

74. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизия Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен тиісті саланың уәкілетті органымен (жергілікті атқарушы органы) жүзеге асырады.

6-тарау. «Мекеме» және мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органға сәйкес саланың уәкілетті органы, «Мекеме» әкімшілігі және еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас

75. «Мекеме» және мемлекеттік мүлік бойынша уәкілетті органға сәйкес саланың уәкілетті органы арасындағы өзара қатынас қолданыстағы заңнамаға сәйкес шарт негізінде жасалады.

76. «Мекемеді» оқыту құқығы директордың бұйрығымен кандидаттың бос орынға жазбаша өтініші негізінде беріледі.

Егер оның пікірі бойынша кандидаттың біліктілігі «Мекеме» талаптарының деңгейіне сәйкес болмаса, басшы бас тартуға құқылы.

77. «Мекеме» әкімшілігі жұмысқа қабылдау кезінде директор мен қызметкер арасында еңбек шартын жасауға құқылы, онда екі тараптың құқықтары мен міндеттері, қолданыстағы заңнамаға сәйкес қызметкердің еңбекақы төлеу жағдайы аталады, сондай-ақ шарт негізінде өзара қатынасы еңбек заңнамасына сәйкес реттелетін жалдамалы қызметкерлерді тартуға құқылы.

7-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекемедегі жұмыс тәртібі

78. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

8-тарау. Құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

79. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) шешімі бойынша жүзеге асырылады.

80. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің құрылтай құжаттарына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

9-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату шарттары

81. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

82. Мүлік жойылғаннан кейін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ресімделеді.

83. Жойылған коммуналдық мемлекеттік мекеменің ақшасы соның ішінде кредитордың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін осы заңды тұлға қалған мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражат ҚР заңнамасына сәйкес тиісті бюджеттің кірісіне қосылады.

10-тарау. Коммуналдық мемлекеттік мекеменің филиалдары және өкілдігі туралы мәліметтер

84. Коммуналдық мемлекеттік мекемеде филиалдар және өкілдіктер жоқ.

11-тарау. Қорытынды ережелер

85. Осы Жарғы әділет органдарында оны мемлекеттік тіркеу сәтінен бастап күшіне енеді.

«Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің білім басқармасы»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Петропавл қаласының білім бөлімі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Бірінші қалалық жалпы білім беретін
ІТ-лицей» коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің
басшысы


ТАӘ.


КОЛЫ